

"Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 208 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 1679 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 442 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 442 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 наурыздағы № 208 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 23, 285-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттары мен міндеттері, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар мен нәтиже көрсеткіштері» деген 3-бөлімде:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар мен нәтиже көрсеткіштері» деген 3.1-кіші бөлімде:

«Мемлекеттің және экономиканың түрлі салаларының геодезиялық және картографиялық өнімдерге қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып геодезия және картография саласын тұрақты дамыту» деген 2-стратегиялық бағытта:

«Қазақстан Республикасының аумағын Жергілікті жердің қазіргі жағдайына және мемлекеттік топонимикаға сәйкес геодезиялық және картографиялық қамтамасыз ету» деген 2.1-мақсатта:

«Мемлекеттік топографиялық карталарды жаңартуды, Жерді қашықтықтан зондтау негізінде қалалардың ірі масштабты жоспарларын және Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің теңіз картасын жасауды геодезиялық қамтамасыз ету» деген 2.1.1 - міндетте:

«2012 жыл» деген бағанда:
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің теңіз картасы» деген жолдағы «15259» деген сандар алынып тасталсын;

Тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шараларда:
«Далалық және гидрографиялық жұмыстарды жүргізу, Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің теңіз картасын жасау және басып шығару, жалпы алаңы 146 900 шаршы км» деген жолдағы «Х» деген белгі «-» деген белгімен ауыстырылсын;

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7-бөлімде:
«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7.1-кіші бөлімде:
«2012 жыл» деген бағанда:

004 «Топография-геодезиялық және картографиялық өнімдерді және олардың сақталуын қамтамасыз ету» деген бюджеттік бағдарламада:
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«5. Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің теңіз картасын жасау» деген жолдағы «15259» деген сандар алынып тасталсын;

«Бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «3 199 091» деген сандар «2 439 315» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджеттік шығыстардың жиынтығы» деген 7.2-кіші бөлімде:
«2012 жыл» деген бағанда:

«Бюджеттік шығыстардың БАРЛЫҒЫ» және «Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар» деген жолдардағы «6 826 838» деген сандар «6 067 062» деген сандармен ауыстырылсын;

«004 «Топография-геодезиялық және картографиялық өнімдерді және олардың сақталуын қамтамасыз ету» деген жолдағы «3 199 091» деген сандар «2 439 315» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*